

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ  
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН  
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
УЧРЕЖДЕНИЕ  
«СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ  
ШКОЛА-ИНТЕРНАТ ИМЕНИ  
ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА»  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ  
ОБЛАСТИ

## БҰЙРЫҚ

2022 жыл 31 тамыз

№ 420

**2022-2023 оқу жылына педагогикалық,  
оқу-әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестік,  
жас мұғалімдер мектебі, шығармашылық  
тобы, озық тәжірибе мектебі туралы  
ережелерін бекіту туралы**

Мектеп-интернаттың шығармашылық қызметінің зандаудың қағидатын қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. 2022-2023 оқу жылына педагогикалық кеңес туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 1*).
2. 2022-2023 оқу жылына әдістемелік бірлестіктің Ережесі бекітілсін (*қосымша 2*).
3. 2022-2023 оқу жылына оқу – әдістемелік кеңес туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 3*).
4. 2022-2023 оқу жылына жас мұғалімдер мектебі туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 4*).
5. 2022-2023 оқу жылына шығырмашылық тобы туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 5*).
6. 2022-2023 оқу жылына озық тәжірибе мектебі туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 6*).
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз атыма қалдырамын.

Директор



Ы.Келинбердиева

*Қостанай облысы білім басқармасының «БИ.  
Алтынсарин атындағы мамандандырылған  
мектеп-интернаты» КММ директорының 2022  
жылғы 31 тамыздағы № 420 бұйрығына  
Қосымша I*

## **Педагогикалық кеңес туралы Ережесі**

### **Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін айқындайды.
2. Педагогикалық кеңес (бұдан әрі - Педагогикалық кеңес) Мектеп-интернатты алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады.
3. Педагогикалық кеңес:
  - 1) оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;
  - 2) оқу жұмыс жоспарларын бекіту;
  - 3) білім беру қызметтерін ұсыну сапасы;
  - 4) инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үлгерімі және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктері туралы алынған деректердің негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері ескеріліп, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар өзірлеу;
  - 5) білім алушыларға қорытынды аттестаттауды өткізу, оларды емтиханға жіберу, ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыларды емтиханнан босату, білім алушыларды келесі сыныпқа ауыстыру немесе оларды қайталау курсына қалдыру, білім алушыларды грамоталармен, мақтау қағазымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіру туралы аттестат, негізгі орта білімді бітіргендігі туралы аттестат, жалпы орта білімі туралы үздік аттестат, жалпы орта білімі туралы аттестат, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу" үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес белгіленген үлгідегі анықтама беру туралы шешімдер қабылдау;
  - 6) мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы педагогтердің оқу жүктемесін бөлу, оларды аттестаттауга дайындау, марапаттау және көтермелебеу;
  - 7) білім беру ұйымының үш тілде оқытуға ауысуы;
  - 8) экстернаттық оқыту нысанындағы білім алушыларға рұқсат беру, қорытынды аттестаттау жүргізу;
  - 9) зияткерлік, ғылыми, спорттық жарыстарға, музикалық-шығармашылық конкурстарға қатысушы білім алушыларға жеке жұмысты ұйымдастыру;
  - 10) сабак кестесін құрастыру;
  - 11) білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) қабылдау, ауыстыру және бітіріп шығару;
  - 12) білім алушының (тәрбиеленушінің) эмоциялық-ерік және жеке дамуын зерделеу;
  - 13) окуы мен тәрбиесінде тұрақты қындықтарға шалдығатын балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау үшін оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жолдау бойынша ұсынымдар беру;

14) кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау мәселелерін қарастырады.

### **Педагогикалық кеңестің құрамы және оны сайлау тәртібі**

4. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру үйымдарының барлық педагогтары кіреді.

5. Педагогикалық кеңес өз құрамынан бір оқу жылы мерзіміне төрағаны, хатшыны сайлайды.

6. Педагогикалық кеңестің құрамы бір оқу жылына білім беру үйымының басшысының бұйрығымен бекітіледі.

7. Білім беру үйымындағы педагогикалық кеңестің отырысына педагогикалық кеңестің мүшелері шақырылады. Қарастырылатын мәселеге сәйкес қамқоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің мүшелері, білім беру үйымдарына қарасты медициналық пункт қызметкерлері, сондай-ақ білім алушылардың ата-аналары қосымша шақырылады.

### **Педагогикалық кеңестің қызмет тәртібі**

8. Педагогикалық кеңестің жұмысы бір оқу жылына әзірленетін және мектеп директоры бекітетін жұмыс жоспары бойынша жүргізіледі.

9. Педагогикалық кеңестің отырысы жоспарлы (жылына кемінде 5 рет) және жоспардан тыс (туындаған проблемаларды талдауды, оларды еңсеру жолдарын пысықтауды, рұқсат берілетін жүктемені анықтауды, оқыту режимі мен нысанын өзгерту қажеттігін қарастыратын, педагогтардың немесе ата-аналардың сұраныстары бойынша үйымдастырылады) болып бөлінеді. Педагогикалық кеңестің барлық мүшелерінің 1/4 ұсынысы бойынша педагогикалық кеңестің жоспардан тыс отырысы өткізіледі.

10. Отрысты өткізуге дайындық отырыс өткізілетін күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жоспарланады. Окушылрмен тікелей жұмыс жүргізетін қызметкерлер отырыс өткізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күн қалғанда хатшыға тиісті құжаттарды ұсынады. Педагогикалық кеңес отырысының уақыты, орны және тәртібі мектеп әкімшілігімен келісіледі.

11. Педагогикалық кеңестің шешімі дауыс берушілердің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда төраға дауысы шешуші болып табылады. Педагогикалық кеңестің құзыреті шегінде қабылданған және заңнамаға қайшы келмейтін шешімдері орындауга міндettі болып табылады.

12. Педагогикалық кеңестің отырысы бойынша хаттама шығарылады. Хаттамаға кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

13. Педагогикалық кеңес отырысында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімі және орындауға жауапты тұлға көрсетілген қаулы шығарады. Кеңестің кезекті отырысында төраға өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу нәтижесі туралы қорытынды шығарады.

14. Педагогикалық кеңестің хаттама кітапшасының әрбір беті нөмірленген, жіппен тігілген, білім беру үйымының мөрімен және мектеп директорының қолымен бекітілген болуы керек.